



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№16 (1842)  
28 мамыр  
2022 ЖЫЛ

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Қырғызстанда ҚазҰУ филиалы ашылды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстан Республикасына ресми сапары аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Қырғызстан Білім және ғылым министрі Алмазбек Бейшеналиев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мәртебелі меймандарды қарсы алған Жансейіт Түймебаев алдымен ашылып жатқан ҚазҰУ филиалы туралы ақпарат берді.

«Бішкек қаласында орналасқан филиалда 13 білім беру бағдарламасы іске асырылады. Оқу бағдарламасы қырғыз, орыс және ағылшын тілдерінде жүр-

гізіледі. Студенттер бакалавриат пен магистратураға оқуға түсіп, білім ала алады. Білім алушы жастарға филиалда 50 оқытушы сабақ береді. Оның 15-і Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мұғалімі болса, қалғаны Қырғызстан оқытушылары. Сондай-ақ қорытынды аттестаттаудан сәтті өтіп, білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушыларға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дипломы берілетін болады.

Жалғасы 2-бетте

## Білім беру үрдісі қайта қаралды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің кезекті отырысында білім беру үрдісін жаңғырту шаралары, сондай-ақ университеттің ұжымдық шартының талаптарын іске асыру барысы талқыланды.



Ғылыми кеңестің отырысын аша отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысушыларға басқар-

маның жаңа мүшелері: операциялық қызмет жөніндегі проректор Әсел Уәлиева мен әлеуметтік даму жөніндегі проректор Нұржан Айдосовты таныстырды.

Ректор сондай-ақ университетте атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталып өтті.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жылдағы дәстүр бойынша Түлектер күнін атап өтті.

Бұл күнгі ерекше мейрамда түлектер оқу ордасына жиналып, студенттік шақтарды еске алады. Бұл аға буын мен жастардың ынтымағын арттыруға, олардың өзара тәжірибе алмасуына бағытталған игі дәстүр. Мыңдаған түлектер факультеттерде бас қосып, жаңалықтарымен бөлісіп, ұстаздарымен, бүгінгі студенттермен кездесті.

## Түлектер қарашаңырақта бас қосты



Университеттегі іс-шара ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы президентінің отырысынан басталды. ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми құттықтау сөз сөйлеп, елімізде болып жатқан саяси өзгерістер мен демократиялық қайта

құрулармен қатар, Түлектер қауымдастығының да қызмет аясы кеңейе түсетінін айтты.

Қауымдастық президентінің атқарылған жұмыстарды саралап, ҚазҰУ-дың 90 жылдығын мерекелеуге дайындық бойынша алдағы мақсат-міндеттерді белгіледі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университет

қызметі туралы ақпарат беріп, жаңа даму жоспарын таныстырды.

Ректор өз сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚазҰУ-ға ерекше көңіл бөліп, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мен ғылым-білімді дамытуда ұжымға үлкен жауапкершілік жүктеп отырғанын атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

## «Әл-Фараби – Иқбал» форумы өтті

Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби атындағы ғылыми кітапханасында түркі әлеміне ортақ ойшылдар – әл-Фараби мен Мұхаммед Иқбалдың бай мұраларын зерттеп, насихаттауға арналған халықаралық форум өтті.



Рухани іс-шараны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Халықаралық түркі академиясы және Ислам ынтымақтастығы ұйымының Ғылыми және техникалық ынтымақтастық жөніндегі

тұрақты комитеті (COM-STECH) бірлесіп ұйымдастырды.

Форумның мақсаты – шығыс өркениеті аясында түркі және ислам әлемі халықтарының өркениеттік бірлігі мен тарихи жа-

дын жаңғырту және Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) елдерінің ғылым мен техника саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастығын арттыру.

Жалғасы 2-бетте

Шерипжан НАДЫРОВ:

География тесно  
связана  
с экономикой и  
политикой

3 >>

Ерсайын ТӨЛЕУБАЙ:

Біліміздің  
негізі  
ҚазҰУ-да  
қаланды

4 >>

Әлемдік  
деңгейдегі  
ғалым

6 >>

## Түлектер қарашаңырақта бас қосты



Соңы. Басы 1-бетте

Салтанатты шарада ҚазҰУ Ғылыми кеңесі мен Түлектер қауымдастығы президиумының шешімімен оқу орнымыздың қайраткер түлектері, ҚазҰУ-дың бұрынғы ректорлары – Төлеген Қожамқұлов пен Бақытжан Жұмағұлов «Аса көрнекті түлек» медалімен марапатталды.

Еліміздің әр өңірінен келген белгілі меценат, кәсіпкер түлектер де құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді. Сондай-ақ университет ректоры

Жансейіт Түймебаев бірқатар белсенді білім алушы жастарды «Үздік студент» дипломымен марапаттады.

Салтанатты жиын университет таланттары мен қазақ эстрадасы жұлдыздарының концертіне ұласты. Қатысушылар түлектер вальсін орындап, жиналғандарды ерекше әсерге бөледі. Сахнада «Гүлдей бер, ҚазҰУ-ым!» әнұраны шырқалып, жастар флешмобы ұйымдастырылды.

Гүлжан МЕДЕТ

## Білім беру үрдісі қайта қаралды



Соңы. Басы 1-бетте

«ҚазҰУ тек ғылым мен білімнің ғана емес, сонымен қатар көптеген республикалық және халықаралық іс-шаралардың орталығына айналуда», – деп атап өтті университет басшысы.

9 мамырда Ыстамбұлда ҚазҰУ филиалы ашылды, Түркияның бірнеше университетімен келісімге қол қойылды. Орталық Азия елдері жоғары оқу орындары ректорларының форумы өтті, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарымен, ҚазҰУ қалашығы құрылысының 50 жылдығына орай, құрылысшы-ардагерлермен, Анкара қаласының губернаторымен және т.б. кездесулер өтті. ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қариннің қатысуымен саясаттанушы-

лардың X республикалық конгресі ұйымдастырылды. Жақын арада бірқатар маңызды оқиғалар жоспарланған, оларға мұқият дайындалу керек.

Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ф.Жақыпованың баяндамасы білім беру үрдісін жаңғырту шараларына арналды. Университеттің ұжымдық шартының талаптарын іске асыру барысы туралы «Парасат» кәсіптік одағының өкілі Д.Рысқалиев баяндады. Жиын соңында оқу құралдарының, университет ғалымдарының монографияларының ұсынымдары, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының өкілдеріне ғылыми атақтар беру мәселесі қаралды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

## Қырғызстанда ҚазҰУ филиалы ашылды

Соңы. Басы 1-бетте

Филиалдың жыл сайын 300-ге жуық студентті қабылдауға мүмкіндігі бар. Сонымен қатар 10 дарынды жасқа ҚазҰУ дәстүрлі түрде грант бөліп отырады», – деді ректор.

Сондай-ақ Жансейіт Түймебаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің соңғы жылдардағы жетістіктеріне тоқталды.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – әлемдегі үздік 200 университеттің қатарына кіретін Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз жоғары оқу орны. Биыл біздің университетте әлемнің 30 елінен келген 100-ден астам оқытушы-профессорлар дәріс өткізді. Сонымен қатар біздің 40-тан астам профессор Венгрия, Германия, Моңғолия, Франция, АҚШ, Ресей, Түркия, Өзбекстан және басқа елдердің университеттерінде дәріс жүргізді.

Биылғы 9 мамыр күні Түркияның Ыстамбұл қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филиалы ашылған болатын. ҚазҰУ Орталық Азияның жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста. Орталық Азия университеттерімен ынтымақтастық туралы 30-ға жуық келісімге қол қойылған болса, соның 12-сі Қырғыз Республикасының жоғары оқу орындарымен жасалған келісім. Бүгінде ҚазҰУ-ды бітірген түлектеріміз Қырғызстан Республикасында мемлекеттік және өзге де салаларда табысты еңбек етуде», – деді университет ректоры Жансейіт Түймебаев.



Филиал міндеті:

- Бірыңғай Еуразиялық білім беру кеңістігін қалыптастыру.
- Білікті кадрлар даярлау.
- Республикаларда мамандарды қосымша кәсіптік даярлау бойынша еңбек нарығы талап ететін кәсіби және білім беру бағдарламаларын енгізу және іске асыру.
- Қазақстан және Қырғызстан қажеттіліктерімен белгіленген бағыттар бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу.
- Кәсіпорындармен, бизнес-құрылымдармен, мемлекеттік билік органдарымен, ЖОО-лармен, ғылыми-зерттеу институттарымен, оқу-ғылыми орталықтарымен өзара байланыс орнатып, жұмыс істеу.
- ЕурАзӘҚ-қа мүше мемлекеттер үшін білікті мамандар даярлау және қайта даярлау жүйесінің құралы ретінде

үздіксіз білім берудің тұтас жүйесін құру.

- Филиалдың ақпараттық инфрақұрылымының материалдық-техникалық базасын дамыту.

Іс-шара барысында мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров оқу аудиторияларын аралап, кітап көрмесімен танысты.

Филиал жұмысымен танысып болғаннан кейін екі ел басшылары мәртебелі қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Айта кетейік, ҚР Президенті Садыр Жапаров 2021 жылдың 2-3 наурызында Қазақстанға ресми сапармен келген еді. Осы сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, екі ел Президенті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын Бішкекте ашу туралы шешім қабылдаған болатын.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

## «Әл-Фараби – Иқбал» форумы өтті

Соңы. Басы 1-бетте

Алқалы жиынға Түркі елдері мен Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше елдердің гуманитарлық сала ғалымдары, ҚР Президент Әкімшілігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, ТҮРКСОЙ өкілдері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының ғалымдары мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы өкілдері, сондай-ақ Түркия, Ресей, Пәкістан, Қырғызстан, Тәжікстан ғалымдары мен дипломаттары, жас ғалымдар қатысты.

Форум жұмысын ашқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бұл шара ғылыми орта үшін тәжірибе алмасудың үлкен диалог алаңы болатынына сенім білдірді.

«Рухани басқосу – заманымыздың әйгілі ойшыл-философы, Пәкістанның «рухани көсемі» Мұхаммед Иқбал шығармашылығын жаңа қырынан зерттеуге жол ашады. Форумның тарихи миссиясы – әл-Фараби және Мұхаммед Иқбал еңбектері арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту. Иқбалдың ислам мәдениеті мен руханиятының жаңғыруына қосқан үлесі шынымен де өлшеусіз. Бұл ХХ ғасырдың бас кезіндегі жаңа мұсылман ренессансы басында болған ұлы ақын және ойшыл Мұхаммед Иқбал – мұсылман мәдениетін сақтап, дамытуға үл-



кен үлес қосқан тұлға. Иқбал бағытының беделді университеттерінде оқыған, ғылыми білімі зор, кең ойлайтын ғалым ретінде биік руханияттың, философиялық тереңдіктің, саяси жауапкершіліктің үлгісі бола білді. Иқбал шығармашылығы ұлы әл-Фарабидің рухани мұрасымен тығыз байланысты», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

ҚР Білім және ғылым министрінің орынбасары Қуаныш Ерғалиев Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің форумға қатысушыларға жолдаған жылы лебізін жеткізді.

Салтанатты шара барысында сондай-ақ ИЫҰ Ғылым және технологиялар жөніндегі тұрақты комитетінің (COMSCTECH) бас үйлестірушісі Иқбал Чаудхари, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Ислам тарихы, өнері мен мәдениеті ғылыми-зерттеу орталығының (IRCICA)

бас директоры Махмуд Эрөл Клыч, Пәкістан сенатының адам құқықтары жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Уалид Иқбал сынды тұлғалар сөз сөйледі.

Пленарлық мәжіліс барысында «El-Farabi KITABU'L MUSIKAL-KEBIR» кітабының және Әл-Фараби жаһандық форумы материалдарының бес тілде жарық көрген жинағының тұсаукесері өтті.

Форум аясында мәртебелі меймандар Әл-Фараби мұражайын аралап, «Әл-Фараби – өркеніет ойшылы» кітап көрмесімен, сондай-ақ Пәкістан суретшілерінің кескіндеме және каллиграфия көрмесімен танысты.

Жиын соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бірқатар ғалымдарды Әл-Фараби атындағы медальмен марапаттады.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Область научных исследований профессора КазНУ им. Аль-Фараби Шерипжана Маруповича Надырова можно разделить на 3 основных направления. Первое – теоретические проблемы пространственной организации территории, формирование и развитие – территориально-производственных сочетаний интегрального типа и проблемы повышения эффективности пространственной организации экономики. Второе – устойчивое развитие, эколого-экономические проблемы депрессивных территорий Казахстана. Третье – геополитика, международные отношения и проблемы регионального и пространственного развития. В соответствии с соглашением между КазНУ им. Аль-Фараби и АО «Институт экономических исследований» Минэкономики и бюджетного планирования РК он был ответственным исполнителем проекта на тему «Исследование предпосылок развития экономического потенциала регионов и расселения населения Казахстана». В результате выполнения этого проекта опубликована монография в 3-х томах «Пространственная организация территории и расселения населения Республики Казахстан до 2030 года», получившая широкий резонанс зарубежной научной общественности. В этой работе обоснованы теоретико-методологические и прикладные аспекты перехода РК на принципиально новую модель пространственной организации территории и расселения населения. Профессор кафедры географии, землеустройства и кадастра КазНУ им. Аль-Фараби, доктор географических наук Шерипжан Надыров поделился с нами об этом и другими своими размышлениями.



Шерипжан НАДЫРОВ, эконом-географ:

# География тесно связана с экономикой и политикой

– Шерипжан Марупович, вами опубликовано более 160 научных работ, изданы учебники для ВУЗов по экономической, социальной и политической географии мира, также вы написали учебник для 10 класса «Экономическая и социальная география мира» на русском и казахском языках, учебник для 9 класса «Экономическая и социальная география Казахстана». Ваши труды применяются в школах как учебное пособие?

– В университетах западных стран во всех факультетах, кроме физики и математического, в обязательном порядке преподают социальную географию своей страны. А у нас ее только на геофаке проходят, в других факультетах не преподают. Кроме того, из школьной программы изъяли социально-географическую географию Казахстана, по которой мы должны воспитывать детей патриотизму, обучать их нравственным вопросам, традициям. То есть географию убрали совсем. Многие школьники не знают что за специальность географ, не знают, что география изучает экономическую географию, которая планирует экономику местного масштаба. Человеческая жизнь начиналась с мышления, психики. Психика – это свойство мозга, отражающее окружающую среду. А ведь это география, человек впервые увидел природу, степь, горы, леса, реки и т.д. География тесно связана с экономикой и политикой, в основном с природными ресурсами. Насколько мне известно, в наше время, в основном дети склонны к английскому языку и к техническим наукам. Многие нацелены на выезд за рубеж. Поэтому география как специальность отстает. Раньше в райаппаратах, горисполкомах востребовались географы. Кроме них, в Казахстане были сотни проектных институтов, связанные с гидрологией, с природными катаклизмами. Ныне их число намного сократилось. Геология ведь тоже к географии относится. То есть, раньше специалисты с дипломом географа везде нужны были.

– С момента обретения независимости и начала рыноч-

ных реформ Казахстан прошел несколько этапов административно-территориального переустройства. С учетом того, что РК входит в «топ-10» стран, имеющих наибольшие площади, и является унитарным государством, вопрос «Каким должно быть территориальное деление Казахстана?» приобретает особое значение. Ведь от того, насколько рациональным будет деление на регионы, во многом зависит эффективность экономической деятельности. Насколько оптимальным является нынешнее административно-территориальное деление Казахстана?

– Считаю его оптимальным, поскольку оно формировалось десятилетиями в процессе географического, общественно-территориального разделения труда. В советский период, начиная с коллективизации, индустриализации и до распада СССР, постоянно происходило выделение экономических зон, внутри которых административно-территориальные единицы (области, районы) рассматривались как социально-экономическая целостность, образованная на основе единства природных ресурсов и условий, производственной специализации и хозяйственных связей населенных пунктов между собой. Границы областей проводились не произвольно, по прихоти чиновников или высокопоставленных лиц, они были научно обоснованными. И жизнь подтвердила правильность такого подхода.

– Некоторые призывают укрупнить регионы (объединить области в края). Другие, напротив, считают, что следует возродить прежние области и даже создать новые. Вообще, что может дать сокращение или увеличение количества областей?

– Во-первых, области и районы должны быть сопоставимы по важнейшим экономическим параметрам – таким, как, например, объем валовой продукции, площадь территории, численность населения и многие другие. Сокращение или увеличение ко-

*Надыров Шерипжан Марупович родился в 1948 году в городе Алма-Ате. 1971 году окончил с отличием естественно-географический факультет КазПИ им. Абая. В 1981 году на специализированном совете ЛГУ им. Жданова защитил кандидатскую диссертацию. С 1985 году работал преподавателем кафедры экономической географии КазПИ им. Абая, затем возглавляет эту кафедру. В 1989 году его пригласили в институт уйгуроведения ИАН РК. В 1990-1991 годах проходил научную стажировку в Синьцзянском институте географии АН КНР в г. Урумчи. В 1995 году в Институте географии АН Азербайджана защитил докторскую диссертацию на тему «Экономико-географические проблемы трансформации территориальных структур и развитие интеграционных процессов в народном хозяйстве РК и СУАР КНР». С 1998-2000 годы он работал в КИСИ при Президенте РК заведующим отделом экономической безопасности. Его дальнейшая научно-педагогическая деятельность связана с кафедрой экономической и социальной географии геофака КазНУ им. Аль-Фараби, прошел путь от профессора кафедры, до заведующего кафедрой и декана географического факультета.*

*Он весьма авторитетен в научных и экспертных союзах стран ближнего и дальнего зарубежья. В разные годы он проходил научные стажировки в МГУ, ЛГУ, УРФУ, 3-х университетах Японии, Китая, в Иранском институте политических исследований МИДа. В 6-ти университетах Германии, Австрии и Швейцарии, и в 6-ти университетах Великобритании с получением соответствующих сертификатов. Выступал с докладами на более чем 50 крупных международных конгрессах, всесоюзных и республиканских симпозиумах, конференциях и семинарах. Он первый казахстанский ученый, удостоенный в 2016 году звания Почетного зарубежного члена Ассоциации Российских Географов Обществоведов.*

личества областей в современных условиях без научного обоснования равным счетом ничего не даст, а лишь вызовет дополнительные затраты на содержание административно-управленческого аппарата. Другое дело, если область переросла себя по экономическим показателям в несколько раз и наполнилась новым содержанием, встроилась в мировые инновационные технологические цепи. Тогда можно будет подумать.

– Насколько важным является научно обоснованное территориальное деление страны в политическом, экономическом, социальном, культурном плане, в плане укрепления государственности?

– Оно играет роль индикатора развития и прикладного инструмента для повышения экономической эффективности всего

природно-производственного потенциала в рамках административно-территориальных единиц. Такое деление должно стимулировать выравнивание уровня социально-экономического развития различных регионов, что позволит обеспечить высокое качество жизни граждан, исключить ненужные миграции населения, рационально использовать природные ресурсы и условия в интересах страны и ее населения.

– Какой вариант административно-территориального деления предложили бы вы сами как эксперт?

– Считаю, что наиболее рациональную схему предложат сам ход социально-экономических преобразований и трансформация территориальной структуры страны, а также процессы перехода к инновационным укладам, темпы экономического

развития. Задача же науки состоит в оценке и анализе законов и закономерностей, обуславливающих такие процессы, которые сами ответят на вопрос, сколько должно быть административно-территориальных единиц различного уровня и какой вариант деления оптимален для данного периода развития страны. При этом основной целью было и остается стремление к высокому уровню конкурентоспособности – не только в пределах национальных границ, но и в масштабах мирового экономического пространства.

– Шерипжан Марупович, Вы основательно занимались проблемами регионального и пространственного развития. Какие проблемы наиболее актуальны для Казахстана в контексте пространственной организации территории?

– Пространственное развитие на Западе очень далеко пошло, методами, которые применяются в градостроительстве, в освоение территории они начали заниматься в конце XIX века. Если мы не будем готовить пространственников, то мы не сможем управлять нашей природой. Прежде всего, это необходимо формирования собственной модели системы размещения населения, разумеется, с учетом мирового опыта. Как и все страны с переходной моделью экономики, Казахстан объективно стремится к переходу от индустриального этапа к этапу постиндустриального развития. Это предполагает замену стратегии индустриально-инновационного развития на стратегию инновационно-индустриального развития. И речь идет не просто о перестановке слов – за этим кроются качественные изменения не только в структуре экономики и технологиях, но и в системе расселения трудовых ресурсов, а также в государственном управлении. Особенностью большинства постиндустриальных стран является урбанизация населения, которая с территориальной точки зрения проявляется в формировании мегалополисов и городских агломераций. В настоящее время экспорт сырья и материалов – это благо для Казахстана. Однако при его сохранении в дальнейшем вместе с экспортом сырья Казахстан будет вывозить рабочие руки, добавленную стоимость.

– Спасибо за содержательную беседу!

Беседовал  
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде 1979 жылдардың аяғы, 80-жылдардың басында оқып, қызыл дипломға бітірген түлектердің бірімін. Біліммен сусындаған жоғары оқу орнын, студенттік кездерін кім болса да ұмытпайды, әркімнің жадында мәңгілік жазылып қалатын сияқты. Біз оқып жүргенде астанамыздың қақ ортасында орналасқан университет қаланың жоғары бөлігіне жаңадан салынған ғимараттарға қоныс аударды. Бүгінгі ҚазҰУ қалашығына, жаңа мекенге ең алғаш көшіруге біз, студент қауымы, жаппай атсалыстық. 1981 жылы ректорат бүтіндей көшіп, қазір отырған 15 қабатты ғимаратқа қоныстанды. Сол кездегі ректорымыз Өмірбек Арысланұлымен бірге бас корпусстың айналасына шыршалар мен ақ қайыңдар отырғыздық. Сол ұлы көштің алдында ректордың өзі бас болып әр апта сайын сенбілік өткізу де бір керемет дәстүр болатын. Бүгінде сол ағаштар керемет болып жайқалып өсті. Қалашықтың сәнін, әрін келтіріп тұрған қалың ағаштардың арасындағы өзім еккен шырша мен ақ қайыңды осы күнге шейін жазбай танымын.



Ерсайын ТӨЛЕУБАЙ,  
режиссер-драматург, Қазақстанның халық әртісі:

## Біліміміздің негізі ҚазҰУ-да қаланды

Оның алдында, 1974 жылы «Қазақфильмде» оқып әрі жұмыс істеп жүрген кезімізде жазушы Олжас Сүлейменов бастап, бүгінгі Әл-Фараби даңғылы бойындағы «Қазақфильмнің» жаңа ғимаратына да осындай көшті ұйымдастырғанбыз. Бұны айтып отырған себебім – сол замандарда ел басшысы Дінұхамед Қонаев бастап, Шәкен Айманов, Өмірбек Жолдасбековтер қазақ киносы мен ҚазМУ-ға жаңа үлгідегі арнайы қалашықтарды салуды жоспарлағанда орынды тау жақтан таңдағандары қандай жақсы болған деймін. Шәкен аға Америкадағы Голливуд сияқты тау беткейінен кино қалашығын салуды ойласа, Өмірбек аға сол кездегі Қазақстандағы жалғыз университеттің Мәскеудегі Ломоносов университеті сияқты жеке қалашығын салуды жоспарлап, іске асырды. Бүгінде қарап отырсақ, осының бәрі сол кездегі қазақтың болашағын ойлау, ұлтқа деген құрмет, халқына сіңірген ерен еңбек деп түсінеміз.

Сол кездегі академик Нәби Дауылбаев бастаған мұғалімдердің дәріс беру мәнері, лекцияларының сапасы қандай керемет еді десеңізші. Көбі лекцияны қағазға қарамастан, ешбір артық сөз қоспастан, тек фактілер мен даталарды келтіріп оқитын, біз ұйып тыңдайтынбыз. Ғылым докторлары мен кандидаттарды былай қойғанда, қатардағы жас мұғалімдердің өздері студенттерге үлгі-өнеге болатындай биік көрінуші еді. Біз оқыған тарих факультетіндегі жетекші ұстазым, атақты ғұлама тарихшы Ермұхан Бекмахановтың ізін басқан жалғыз шәкірті Әбу Тәженов болды. «Абай жолы» романындағы атақты болыс Оразбайдың Медеу деген ұлынан туған немересі, археолог

С.М.Киров атындағы  
ҚазМУ-дың түлегі, тарихшы,  
Қазақстанның халық әртісі, «Құрмет»  
орденінің иегері Ерсайын Төлеубай  
тарихты сахнаға шығарған белгілі режиссер,  
драматург. Жақында «Қазақ университеті»  
баспасынан драматургтің үш томдық  
шығармалар жинағы жарық көрді. Оған  
ұлтымыздың сонау сақтар заманынан бастап, бүгінгі  
уақыт аралығындағы өткен тарихына негізделіп  
жазылған пьесалары кірген. Еліміздің 20-ға жуық  
театрында сахналанған тарихи драмалардың дені  
азаттық үшін күрескен Алашорда  
қайраткерлерінің бастамаларына, қазақ  
ұлтының бастан кешкен тарихи оқиғаларына  
бағытталған. Бұл еңбектер еліміздегі театр  
және кино саласындағы құнды тарихи  
шығармалар болып  
есептеледі.

Манап Оразбаев, Уахит Шәленов, Қайсар Құсайынов, А.Чупеков, Ф.Нұртгазина, Қ.Қожахметов, С.Мадуанов, Қ.Жарықбаев, Б.Дәрішев, Б.Сұлтанов, М.Кукушкина, М.Хасанов, Ә.Төлеубаев, Б.Мекішев, С.Жолдасбаев, Ә.Хасенов, Қ.Ысқақов, Ө.Шарипов сияқты ұстаздарымыздың берген білімдері біздің буын студенттерін біршама биіктерге шығарды деп айтуға болады. Әсіресе Әбу Сақтағанұлы мен Манап Оразбаев ағамыз екеуі студенттерін академик Әлкей Марғұланмен арнайы өтетін кездесулерден, сабақтарынан қалдырмайтын, бізді тікелей архивтік қордың нұсқаларымен оқытты, соның арқасында жақсы тарихшы болдық, арамыздан ғалымдар шықты. Осы ұлы ұстаздарымыздың еңбегі, берген білімдерінің арқасында қазақтың тарихын біліп, өнер саласында

халық әртісі, режиссер-драматург атандым десем артық емес.

Бүгінде республика көлеміндегі 15 театрда өзім жазып қойған, әсіресе «Алаш» тақырыбындағы пьесаларым соның бір дәлелі. Атап айтқанда: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Жұмабек Тәшенов т.б. Осының бәрі кезінде Қазақ ұлттық университетінің тарих факультеті қабырғасында алған білімнің, ғұлама оқытушыларымыздың шәкірт тәрбиелеудегі сіңірген еңбегі деп түсінемін. Бұның бәрі сол кездегі білім беру саласындағы тереңдетіп оқыту жүйесінің нәтижесі.

Біліммен сусындап, үлкен өмірге жолдама алып, бір кез-

дерде түлеп ұшқан қара шаңырақпен әлі де байланысты үзген жоқпын. Жақында «Қазақ университеті» баспасынан үш томдық шығармалар жинағым жарыққа шықты. Кітаптың бірінші томына өзімді оқытқан Әлкей Марғұлан және өнердегі Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев т.б. ағалар туралы, олардың ел құлағына жетпеген әңгімелерін, ұстаздарым, замандастарым туралы естеліктерімді, өмірден түйген ойларым мен шығармашылық ізденістер, мерзімдік басылымдарда жарияланған мақалаларымды кіргіздім. Өнер саласында есімдері қалған ұлт тұлғаларымен қатар, шығармашылық ортада үзегілес болып бірге жүрген белгілі өнер қайраткерлерінің образдық суреттерін баяндадым. Екінші және үшінші томдарға өзімнің әр жылдары жазған, еліміздің 20-ға жуық театрлары сахнасында қойылған Алаш жайындағы драмаларым, тарихи пьесаларым басылды.

Қасиетті қара шаңырағымызға бас иіп, алғысымды айта отырып, ақ тілегімді өзіммен бірге бітірген курстастарыма да арнағым келеді. Осында білім алып, жан-жаққа тарадық. Кейбіріміз кейіннен Мәскеуде оқуымызды жалғастырсақ та, біздің жоғары білім жүйесіндегі оқуымыздың негізі, іргетасы осы Әл-Фараби атындағы университетте қаланды. Осы уақыт аралығында барлығымыз да отбасылы болып, ұл-қыз өсіріп, оларды үйлендіріп, құтты орындарына қондырып, немере-шөбере сүйіп отырмыз. Біз қандай да болсын жетістікке жетудің жолы еңбек екенін естен шығармадық. Соның нәтижесінде әртүрлі лауазымдарға көтерілдік, әртүрлі марапаттарға ие болдық. Университетімізден алған терең білімімізді жас ұрпаққа өз деңгейінде жеткізе білдік. Университетімізге есімі берілген Әбу-Насыр әл-Фараби айтқан «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы» деген ілімін әркез есте сақтап, жастарды адамгершілікке баулыдық. Сол жастарымыз мәңгілік еліміздің тірегі болсын!

Қайыржан  
ТӨРЕЖАНОВ

## Жоғары педагогиканың жаңа моделі

Қызықты және нәтижелі қарым-қатынас жасау үшін біз әртүрлі екенімізді түсінуіміз керек және бұл түсінікті басқалармен қарым-қатынас жасағанда нұсқаулық ретінде пайдалануымыз маңызды.



«Жоғары мектеп педагогикасы» курсына болашақ университет оқытушылары университеттегі педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда қажетті білім мен қабілеттерді меңгереді. Бұл курс магистрлік бағдарламаға енгізілген және тиімді педагогикалық әдістерді игеруге, оларды болашақ оқытушылық қызметінде қолдану дағдылары мен қабілеттерін дамытуға арналған.

Көптілді білім беру бағдарламасы жандандыру жағдайында бәсекеге қабілетті және тілдік мәдениеті бар ұрпақты қалыптастыруға ықпал ететін білім берудің жаңа моделін құруды көздейді. Қазақ, ағылшын және орыс тілдерін білу жастарға әлемдік нарықтың, ғылым мен жаңа технологиялардың кілтін ұсынып отыр. Этникалық, қазақ және әлемдік мәдениеттермен танысу негізінде ынтымақтастықты дамыту үшін дүниетанымының қалыптасуына жағдай жасайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ағылшын тілінде оқытын топта оқуға тамаша мүмкіндік бар. Соның бірі болып табылатын «Жоғары мектеп педагогикасы» курсы ағылшын тілінде оқытылады. Осы бағдарлама негізінде өткен «Педагогикалық қарым-қатынас» тақырыбындағы ашық сабақта студент Әлішер Ыдырысов өзінің бейне-презентациясын қарым-қатынас теориясына арнап, «Педагогикалық қарым-қатынас» ұғымына бірнеше анықтама берді.

Бұл ашық сабақ магистранттардың тамаша білім базасын қалыптастырғанының жарқын мысалы. Олар осы курста бүкіл семестр бойы алған барлық білімдерін қолдана отырып, педагогикаға қатысты кез келген тақырыпта ешқандай қиындықсыз сөйлей алды. Барлық магистранттар ашық сабақ барысында ағылшын тілінде өз білімдерімен бөлісе алды. Бұл біз үшін үлкен мақтанш.

Ж.МАХАМБЕТОВА,  
философия және саясаттану  
факультеті  
Педагогика және білім беру  
менеджменті  
кафедрасының аға оқытушысы

Ж.ТЫНЫБАЕВА,  
философия және саясаттану  
факультетінің  
1-курс магистранты

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы «Мұнай-химия синтезі» зертханасының қызметкерлері спазмолитикалық (тамыр кеңейткіш) дәрілік қасиетке ие «Нововалидол» дәрілік препаратын алудың жаңа әдісін ойлап тапты. Ол республиканың денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерін шешуге ықпал етеді.**

тәсілдері бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік байқаудан өтуі тиіс. Өсімдік шикізаты негізінде дәрілік заттар өндірісін дамыту отандық фармацевтика саласын жандандырудың бірегей көзі болып табылады.  
– Біз ұсынатын жоба – анти-спазматикалық (вазодилататор)

және құрамындағы қоспалар 1-1, 5% аспайды. «Нововалидол» дәрілік препараттының тәжірибелік шағын өндірісін ұйымдастыруды құрметті химия ғылымының докторы, профессор, марқұм Х.А.Сүйербаев бастаған болатын. Ол осы бағытта талмай еңбек етіп, өмірінің көп бөлігін «Ново-



«Нововалидол» алуға арналған зертханалық қондырғы

# «Нововалидол» – жаңа дәрілік препарат

Кампус аумағында күшті, аз ұяғты дәрілік және қоректік өсімдік қоспаларынан тұратын тұмау вирусына және коронавирусқа қарсы жаңа биологиялық белсенді қоспалар өндірісі жолға қойылған. ҚазҰУ дәрілік өсімдіктер орталығының қызметкерлері әзірлеген бұл қоспалар университет қызметкерлері мен қала тұрғындары арасында кеңінен танымал.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, жобаны іске асыру медицинаға одан әрі енгізе отырып, дәрілік препараттарды алу үшін қажетті жаңа биологиялық белсенді табиғи компоненттерді бөлуге мүмкіндік береді. Фармацевтика саласын дамыту – отандық үдемелі индустрияландыру бағдарламасының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Меншікті фармацевтикалық өндірістік секторды дамыту – халқымыздың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін күрделі, көп еңбекті қажет ететін, қымбат және қажетті процесс. Отандық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің оңтайлы деңгейіне қол жеткізу үшін отандық өндірушілер өндірістік қуаттылықты арттырып, халықтың қолдауы мен сеніміне ие болуы керек.


Бүгінгі таңда көптеген фармацевтикалық кәсіпорындардың өндіріске және маркетингке инвестициялау үшін жеткілікті қаражаты жоқ, сондықтан олар ірі шетелдік фирмалармен бәсекелестікке төтеп бере алмайды. Мемлекеттік қолдау және GMP стандарттарын енгізу отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге және Қазақстан халқын қауіпсіз, сапалы және қолжетімді дәрілік өніммен қамтамасыз етуге тиіс.

Фармацевтикалық нарық кез келген ел экономикасының маңызды секторы. Ол халықтың әл-ауқатының деңгейі мен экономикалық және әлеуметтік дамуының өлшемі болып табылады. Дамыған фармацевтика өнеркәсібі ел экономикасының жоғары инновациялылығының көрсеткіші болып саналады. Қазіргі жағдайда фармацевтика инвесторларды тартатын ең тиімді индустрияға айналды. Фармацевтика саласын жүйелі талдаудағы мақсат – Қазақстанның өнеркәсіптің осы саласындағы бәсекеге қабілеттілігін өндіріс және жандандыру ауқымында айқындау. Соңғы жылдары Қазақстанның фармацевтика саласында өндірістің айтарлықтай өсуі байқалады. Мәселен, қазіргі таңда отандық өндірушілер шығарған өнім көлемі 42 млрд теңгені құрады. «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингінің басқарма төрағасы, ҚР ҰҒА ака-



«Нововалидол-2» алу үшін металл-комплекті катализатордың синтезі (х.ғ.д., проф. Х.А. Сүйербаев, х.ғ.к. Г.Ж. Жақсылықова, бакалавр А.Д. Мәсірбаева)

демігі, химия ғылымының докторы, профессор С.Әдекенов айтқандай (Forbes.kz 2018 жылғы 14 мамырдағы жағдай бойынша), Қазақстанда 112 фармацевтикалық өндіруші бар, бірақ бірде-бір отандық кәсіпорын өзінің (қазақстандық) субстанцияларын шығармайды. Сонымен бірге республиканың фармацевтикалық өндірісінде 50-ден астам жаңа бірегей дәрілік препараттарды әзірлеу және енгізу саласында елеулі ғылыми негіздер бар. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, А.Б.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты, «Фитохимия» ХФӨХ және ОҚММА ғалымдарының әзірлемелері бар. Осындай жобаларды енгізуді тежейтін факторлардың бірі – бұрын жұмыс істеген зауыттық зертханалардың типі бойынша пилоттық өндірістің болмауы. Ол жерде зертханалық регламенттер жаңа дәрілік препараттарды алу



препараты бар «Нововалидол» дәрілік препаратын алудың жаңа әдісі. Кеңінен қолданылатын «Валидол» препаратының аналогы – изовалериан қышқылының ментил эфиріндегі (ментил-залират) 23-25% ментол ерітіндісін білдіреді. Оның сапалық көрсеткіштері анағұрлым жоғары

валидолдың дамуына арнады. Бірақ, өкінішке қарай, өндіріске енгеніне куә бола алмады. Біз ғалымның ізбасарлары ретінде нововалидол, корвалол-к, салицил қышқылы, аспирин, ПАСК және т.б. жаңа дәрі-дәрмектердің синтезі секілді оның ғылыми бағыттарын жалғастырып келеміз. Қазіргі уақытта «Валидол» препаратының өнеркәсіптік өндірісі (Украина, Ресей) күкірт қышқылының қатысуымен изовалериан қышқылын ментолмен этерификациялау реакциясымен ментилзалират синтезіне негізделген. Ментилзалиратты алудың мұндай технологиясы техникалық-экономикалық көрсеткіштердің төмендігімен және бөгде қоспалардың болуына байланысты өнім сапасының төмендігімен сипатталады. «Валидол» (АФ «Фармак», Украина) препаратының тауарлық өнімі 11 қоспадан тұрады, олардың құрамы 8%-ға жетеді, – дейді Әл-Фараби атын-



«Нововалидол-2» алу әдісіне Қазақстан мен Ресейден берілген патенттер

дағы ҚазҰУ-дың Физика-химиялық зерттеу әдістері және талдау орталығы «Мұнай-химиялық синтез» зертханасының профессоры, химия ғылымының кандидаты Г.Жақсылықова.

Жоба авторлары әзірлеген жаңа технология бойынша ментилзалират синтезі металл-комплекті катализатордың қатысуымен изобутиленнің гидрометоксикарбонилдену реакциясы арқылы бір сатыда жүзеге асырылады. Өндірудің қолданыстағы әдісімен салыстырғанда изобутилен, көміртегі монооксиді секілді неғұрлым қолжетімді шикізатты пайдалану ментилзалиратты өндірудің бұл әдісін өте тиімді етеді. Нововалидол алудың бұл тәсілі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының 4 патентімен қорғалған. Жаңа әдіспен алынған препарат жоғары сапалы көрсеткіштерге ие және құрамында 3-4 қоспаның жалпы көлемі 1-1,5% аспайды. Жобаның жалпы құны 450 млн теңгені құрайды және оны іске асыру Қазақстан Республикасында кең қолданылатын дәрілік зат – «Нововалидолдың» өнеркәсіптік өндірісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Препаратты тұтынушылар Қазақстан және барлық жақын шетелдерді қамтиды. Жобаны іске асырудың өтелу мерзімі 2,5-3 жыл.

– Тәжірибелік шағын өндіріс технологиясы; қолданыстағы тәжірибелік шағын өндіріс қондырғысы; жаңартылған және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен нормативтік-техникалық құжаттама (уақытша фармакопелік мақала және т.б.); нововалидолдың тәжірибелік өндірісін ұйымдастырудың бизнес-жоспары – жобаның нәтижелілігінің бір көрінісі болмақ. Бірегей отандық дәрілік препараттар өндірісінің көлемін ұлғайту үшін фармацевтикалық өндіріс технологиясында ғылымның, өндірістің және білімнің тығыз интеграциясы қажет. Сондай-ақ қазақстандық ғалымдардың бірегей әзірлемелері республиканың денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді, – деп атап өтті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Физика-химиялық зерттеу әдістері және талдау орталығы «Мұнай-химиялық синтез» зертханасының аға оқытушысы, химия ғылымының кандидаты Ф.Қанапияева.

# Әлемдік деңгейдегі ғалым

Қазіргі заманғы ғылым мен білімде бәсекелестіктің артуы тек елімізде ғана емес, одан тыс жерлерде де ғылыми беделімізді қалыптастыруды қажет етеді. Осы орайда, жаңа бағыттардың бірі шетелдік ғалымдарды ЖОО-ға тарту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мұндағы мақсат – бірлескен білім беру бағдарламасын жасау, әдіснамалық тәсілдерді дамыту, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, ғылыми қызмет пен жарияланым белсенділігін жақсарту, студенттердің ғылыми жұмыстарын, магистранттар мен докторанттардың зерттеу диссертацияларының сапасын арттыру, университетіміздің әлемдік деңгейде танымалдығы мен беделін күшейту. Сонымен қатар ЖОО-лар арасындағы әлемдік QS, Times Higher Education (THE) сияқты рейтингтерде қолданылатын көрсеткіштердің бірі шетелдік ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің үлесі болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің Биотехнология кафедрасы биотехнолог мамандар даярлайтын негізгі кафедра. Кафедрада микроорганизмдер, өсімдіктер мен жануарлар биотехнологиясы, тағам биотехнологиясы, медициналық биотехнологиясы, қоршаған орта биотехнологиясы сияқты пәндер оқытылады. Сонымен қатар осы бағыттарда көптеген отандық және халықаралық ғылыми жобалар да іске асырылып келеді. Халықаралық жобаларға шетелдік ғалымдар тартылып, серіктестік орнатылған. Сондай ғалымдар қазіргі кезде кафедрада өздерінің ғылыми бағыттары бойынша дәрістер оқиды, магистранттар мен докторанттарға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, мақалалар жазуға және оларды жариялауға кеңес береді. Биотехнология кафедрасындағы шетелдік ғалымдардың бірі – Париж университетінің докторы Бернард Джоаннес Фай.

Бернард Джоаннес Фай (Bernard Faue) – 1974 жылы Лион (Франция) ветеринарлық медицина мамандығының докторанты, 1980 жылы жануарларды тамақтандыру және эндокринология саласындағы MS-cі, 1995 жылы Париж университетінің докторы және 1998 жылы Монпелье университетінің HDR докторы дәрежесін алған тәжірибелі ғалым. Ол агрономиялық зерттеулер бойынша Халықаралық ынтымақтастық орталығында (CIRAD – Франция) мал шаруашылығы секторындағы жобалардың ғылыми жетекшісі және FAO (Сауд Арабиясы, Марокко, Мавритания, Чад, Қазақстан) түйелер бойынша халықаралық сарапшы.

Бернард Фай Африканың Нигерия, Эфиопия елдерінде сегіз жыл қызмет етіп, мол тәжірибе жинақтаған. Одан кейінгі жылдары үзбей ғылыми жұмыстармен айналысқан. 1995 жылы «Мал шаруашылығындағы минералдың жетіспеушілік эпидемиологиясы» деген тақырыпта Париж университетінде жануарлар эпидемиологиясы бойынша докторлық диссертация қорғаған. 1998 жылы Монпелье университетінің зерттеу тобын басқару біліктілігі мамандығы бойынша HDR дипломын алған. Африка елдеріндегі зерттеулерінен кейін ол Ұлттық агрономиялық зерттеулер институтына – INRA, Клермон-Феррон (Франция) экопатология зертханасында эпидемиолог ретінде қызмет атқарып, он жыл бойы осындағы сүтті мал шаруашылығы жүйе-



леріндегі аурулардың қауіп факторларын зерттеу бойынша зертхананы басқарды.

1996 жылы ол CIRAD – Montpellier-де мал шаруашылығы бағдарламасының жетекшісі ретінде қызмет атқарды (1996-2007), одан кейінгі 2010-2015 жылдар аралығында Сауд Арабиясындағы Хардж қаласы түйе шаруашылығы орталығында FAO Халықаралық кеңесшісі болып қызмет еткен. Осы уақыт ішінде ол Африка, Азия, Латын Америкасы және Океанияның 50-ден астам елінде көптеген сараптамалар жүргізеді. 2016 жылдан бастап FAO, ХЭБ, ДДСҰ және жеке сектор үшін тәуелсіз халықаралық түйе шаруашылығы бойынша сарапшы.

Ол Француз ветеринарлық академиясы және Chevalier du mérite agricole (Франция ауыл шаруашылығы министрлігінің жоғары марапаты) үздігі белгісімен марапатталған. Бернард Фай 23 ғылыми кітаптың және 700-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы. Сондай-ақ ол ISOCARD (Халықаралық түйелерді зерттеу және дамыту қоғамының) негізін қалаушылардың бірі, осы қоғамның 2006-2009 жылдары алғашқы төрағасы болған және 2018 жылдан бастап қайтадан төраға болып сайланды.

Қазіргі кезде франциялық ғалым Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің ұстазы. Профессор Бернард Фай кафедрада студенттерге, магистранттар мен докторанттарға «Биотехнологиялық өндірістің биоқауіпсіздігі», «Тағам өнімдерінің сапасын бақылау және физикалық, химиялық, технологиялық сипаттамалар», «Тағам өндірісіндегі және НАССР-дағы сапа стандарты» тақырыптарында дәріс оқиды, әлемді шарлап жинақтаған мол тәжірибесімен бөліседі.

Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

Шетелден Қазақ ұлттық университетіне білім іздеп келіп жатқан студенттердің қарасы көп. Өрқайсысының оқу ордасына келудегі мақсаты бір әрі айқын, ол – сапалы білім алу. Оқу ордасы осы үдеден шығып жатыр ма? Оларды ҚазҰУ несімен қызықтыруда? Осы іспетті сауалдарға жауап іздеп көрдік. Студенттер білім ордасы жайлы пікірін ортаға салды.

## «Біз білім іздеп келдік»

Сара ФАГХАНИ,  
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті, Иран мемлекетінің азаматшасы:

– Мен өз елімде жүргенде жат елге барып, олардың ақша мен капиталды басқару тәсілдерін меңгеруді мақсат тұтқанмын. Шетелден білім алып, тілін үйренсем деген арманым болды. Бүгінде, міне, сол ой-арманым орындалып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенті атандым. «Неге ҚазҰУ-ды таңдадың?» десеңіз, бұл оқу ордасының атмосферасы, жылы ортасы, табиғаты және білім деңгейі қызығушылығымды оятты.

Мен оқып жатқан мамандық компания деңгейінде немесе тіпті жеке адамға ақшаны қалай басқаруға болатыны туралы үйретеді. Факультетімізде бізге білім нәрін беріп жатқан асыл ұстаздарымызға алғысым шексіз. Мұғалімдер бізге жаһандық деңгейдегі пәндерді санамызға сіңіруде. Олар бізді халықара-



лық сайттар мен ұйымдармен байланыстырып, әрдайым хабардар етіп отырады. Осылайша білім көкжиегіміз күн өткен сайын кеңейіп келеді.

Маған ҚазҰУ-дың тағы бір ыстықтығы – қазақ халқының ирандық мәдениетке жақын екенінде. Оқу ордасындағы түрлі ұлт пен ұлыстар арасындағы достық, татулықтың өзі бір төбе.

Менің елімдегі оқу бағдар-

ламасы студенттерге негізделген, сондықтан теориялық қана емес, практика жүзінде де қолдануды жөн санайды. Осы орайда, мен де өзімді қызықтырған саланы терең меңгеру үшін шекара асып Қазақстанға келдім. Нақты білім қажеттіліктерін білу үшін әлемдік нарықта жан-жақты ізденіс қажет деп ойлаймын. ҚазҰУ менің осы қажеттілігімді қанағаттандырып жатыр.



Бақр РАБАХ,  
медицина факультетінің 2-курс студенті, Ирак мемлекетінің азаматы:

– ҚазҰУ-да оқу әрбір шетелдік студенттің арманына айналып барады. Неге десеңіз, ҚазҰУ-дың орналасқан жері керемет, яғни жан-жағы бау-баққа, тұмса табиғатқа толы. Егер Қазақ елі туралы айтатын болсақ, өте қонақжай,

бауырмал халық. Альма-матердің білім жүйесі, жан-жақтылығы – бәрі-бәрі менің осы университетке түсуіме үлкен әсерін тигізді. Сайып келгенде, университет таңдауда «ҚазҰУ» деп нық бекіндім. Ал ҚазҰУ-дың әлемдік рейтингі, білім деңгейі қандай көрсеткіште екенін мен айтпасам да білесіздер. ҚазҰУ-да оқыған да – арманда, оқымаған да –

арманда. Неге десеңіз, ертең оқу бітіріп кеткен соң, университет өз түлектерін сағындырмай тұрмайды. Бұған мен бірнеше мәрте шетелдік студенттер арқылы куә болдым.

Ұстаздар ұжымы мен студенттердің бізге деген жылы қарым-қатынасы сондай – кейде біз өзіміздің шетелдік екенімізді ұмытып кетеміз.

Біз медицина пәндерін тереңдеті әрі қызыға оқимыз. Үшінші курстан бастап ауруханадағы практикалық бөлімге көбірек көңіл бөлетін боламыз.

ҚазҰУ ұстаздары – білікті маман иелері, өз істерінің хас шеберлері. Олар студенттерге білімді, ақпаратты ең оңай жолмен тұшымды жеткізе біледі. Менің болашақтағы арман-мақсатым Қазақ елімен және ҚазҰУ-мен тікелей байланысты: ең алдымен оқуымды жақсы нәтижемен аяқтау, ал кейін Қазақстанда тәжірибе жинап, еңбек етсем деген ойым бар.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

# «GM Spring 21-06» group students from India

**Meeting representatives from a different culture always inspires a lot of curiosity and a lot of questions about what drove students to our country in the first place. It's also crucial to know what they think of our university and how they feel about life in Kazakhstan.**

I was happy to get to know the group of second year students from India majoring in "General Medicine". These are eight pretty girls and three guys from Kerala, Telangana states of India. They are happy and proud that their group 'GM Spring 21-06' got the gold medal for the first offline case studies.

This is what they told me about the university, their life and studies in Kazakhstan and Almaty:

## Irfana M Rahman:

To become the world's best Doctor, indeed I need to study from the best university. For that, I searched many foreign universities on internet and finally I came to know about Al Farabi Kazakh National University in Kazakhstan. It's world ranking, infra structure, the smart library all these attracted me to take admission in this university. The lecturers and Professors are so good and friendly. We also have advisors who guide us academically. My two favourite professors

are Dr. Marina Nyu ma'am, who taught me Morphology and Physiology and Dr. Sholpan Mulkibayeva, my Histology professor.

I have reached Almaty, Kazakhstan in November 2021. Almaty, the most beautiful city in Kazakhstan welcomed and mesmerised me with its beauty. With its European style architecture, modern buildings and glorious breathtaking mountains, Almaty astonished me, since I am coming from the southern part of India known as 'Kerala' where basically a maritime climate is experienced and mostly there's a warmer temperature.

## Mujeeb Rahman Marwa:

I decided to choose Kazakhstan. Kazakhstan is a hidden gem in terms of tourist places. I was lucky enough to enjoy the beauty of winter and spring in Almaty. Almaty is such a beautiful city. Within a span of one year I was able to meet many new people, got to know about a different culture also. We have such a great faculty of teachers and students here. I consider myself lucky having such caring and educated group of teachers. There is so much more to learn from them.

## Palliyalil Fathima Shahaa-na:

I chose Al Farabi Kazakh National University to pursue my goal. Al-Farabi KazNU is one of the best Universities in this country mainly



by its World ranking as well as good infrastructure. We have English medium of teaching for international students so that we make a better student-teacher relation by communication. Kazakhstan has its own good traditions and culture. Women are having more priorities for everything; we can feel it when we travel in bus even at night. There are no restrictions for girls to do things alone, this makes girls independent women. It is one of the best things I like most. Variety of traditions, customs and festivals make this country more splendid. We can experience divergent festivals and celebrations here.

## Mohammad Saleema:

Al Farabi KazNU is a very good university with affordable

fees structure and good quality of education and teachers are very friendly and have familiar language to understand. It's been very less time to be here but I feel it as honor and happiness to be a part of it. Kazakhstan is a beautiful country and it has many things to know, it's a great experience to know and be here, people here are very pleasant and very polite to us.

## Patel Rimshabanu Mubarak:

I chose this university because of its highest ranking. It has very good infrastructure, best skilled faculties with friendly nature, best teaching methods, and cultural activities. And the cost of studying medicine is affordable here com-

pared to studying medicine in India. I am honored to be a student of this university.

## Mannaran Kandy Minha Roof:

As an international student I am very proud to be a part of Al-Farabi university. One of the remarkable things is faculties and infrastructure and everything here is amazing. The environment is very calm and quiet so it's good for our studies. We have good lectures and perfect teachers and they are very friendly too. Our university has a big campus. Almaty is very amazing, we love it.

## Pallipurath Minhaj Mirza:

Al Farabi University has a fantastic infrastructure and academic excellence. I have chosen this University because of its world ranking and infrastructure. This is a smart University. Especially this university's library. It is at top of its Excellency. Also, Kazakhstan is a very nice country. I like this University and also this country.

I wish all our students from India big success in their studies and a brilliant carrier as highly competent and eminent doctors in their home country!

A.MULDAGALIYEVA

## SPOC has «COME» to KazNU Al-Farabi

**SPOC stands for Small Private Online Course. The author of SPOC is Berkeley University professor Armando Fox, who first compiled this course for his students in order to stimulate their preliminary independent study of the topic of the study program.**



using the classroom time for discussion of the problematic points of the new material, conducting laboratory and practical research and for individual consultation with the teacher. Thus the responsibility for internalizing the new learning material lies with the students themselves. The teacher uploads the new learning material with the explanation of important theoretical elements or a brief lecture and instructions for completing the tasks on the computer or mobile device.

Currently, SPOC has won popularity in many European and Chinese universities and we can confidently say that Spoc "came" to our university too!

It should be specially noted that the teachers of the department of foreign languages demonstrated special enthusiasm in preparing Spoc for master course students. They have already prepared the SPOC content and at the moment they are in the process of filming the videos. Eleven SPOC lessons for al-Farabi University students are in work now. The courses will

be published on the University LMS Moodle. Formative and summative assessment of learning outcomes will be undertaken using a variety of resources and interactive elements that LMS Moodle disposes. LMS Moodle also provides an excellent opportunity to hold interactive lectures, administer 15 types of test tasks and conduct teacher: student and student: student communication in the forum, chat and hold a seminar. One of remarkable advantages of the system is that besides teachers students can evaluate each other's achievements.

The course, created by foreign language department teachers, is designed to develop 4 main skills, necessary for successful mastering a foreign language: reading, speaking, writing and listening. The content of the lesson materials corresponds to the content of master students' specialties and serves as an excellent platform for instilling all required skills. Each lesson plan includes the study of grammatical structures, vocabulary expansion, videos as well as the development of critical thinking and presentation skills. We wish the teachers and the students a big success in their work and studies!!!

**Assel MUSSINOVA,**  
deputy director of the  
department for Academic  
Affairs

## Teaching presentation skills

**On March 17, 2022 the teachers of foreign language department held an annual students' conference "Current Trends in Interdisciplinary Issues" drawing presenters and participants from the US, Kirgizia as well as KazNU bachelor, master, and doctorate students. The specific feature of the conference was that the overwhelming part of students made presentations in English which is an important condition for the professional development of future specialists. Making presentations in English essentially contributes to the formation of foreign language competence and the free use of the target language in different life situations.**

The teachers of our department always encourage students to make presentations in English at conferences. They play a decisive role in preparing students for a conference. In the process of preparing for a conference, teachers discuss the presentation with the students and their advisors. They work out pronunciation and intonation of the presenters, help correct lexical and grammar mis-



takes, boost their confidence and decrease their anxiety.

Development of presentation skills is extremely important nowadays. As a rule, students who are good presenters are better communicators all around, since they are able to articulate their ideas clearly. Our teachers start teaching presentation skills from the first year of studies. The initial stage of teaching begins from introduction of the general principles of public speaking and to give the students the experience of delivering short presentations.

One of the effective ways of teaching presentation skills is splitting the students into small groups in which they are shown the best ways of using overhead projectors, slide projectors, flip charts, and other audio-visual aids, all of which they were encouraged to try out for themselves. Then they are offered the list of general topics on which to give 3-minute presentations at their choice. For example: Why is it important to study

a foreign language; What is the purpose of life? Why is it important to study chemistry/ geography/ biology/ history/physics? Your favorite subject; Why did you choose al-Farabi university? What country would you like to visit? Do you think you have chosen the right profession?...

Each student is given 15-20 minutes for preparing a talk. Everyone should be allowed to give a talk. The next step is giving the students homework to prepare a 3-5 minute talk on the topic of their specialty.

This is the initial stage of teaching presentation skills to students and the following stages should include consistent continuation of work on the preparation of longer speeches on more specialized topics on the specialties. The process of teaching the presentation skills should necessarily be combined with the development of grammar and lexical skills and pronunciation and intonation.

**M.TLEULINOVA**  
**S.SURAZGALIYEVA**

# Бішкек төрінен орын алған оқу ордасы



Қырғыз еліндегі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының ашылу рәсімі жоғары деңгейде өтті. Шараға қатысқан екі ел президенттері мен мәртебелі қонақтар аудиториялармен танысып, арнаулы көрмені аралады.

Қаланың қақ ортасында орналасқан 5 қабатты ғимарат студенттерді қабылдауға сақдай сай. Дәрісханалар замануи білім беру стандарттары бойынша соңғы үлгідегі технологиямен жабдықталған. Енді осында 3 жыл білім алған студент 4-курсты қарашаңырақта тәмамдап, ҚазҰУ дипломына ие болады.



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ  
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.